



"Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы N 76 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 сәуірде N 3898 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 90 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 03.04.2018 № 90 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). РҚАО - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, 39-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 17-бабының 7) тармақшасына, 164-бабына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.
2. Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы (Д. М. Селиханов) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Д. М. Мусинге жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Д. Ахметов

Шығыс Қазақстан
облысы әкімдігінің
2015 жылғы "20" наурыздағы
№ 76 қаулысымен бекітілді

"Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі облыс аумағында бірыңғай аграрлық саясатты іске асыру саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің, облыс әкімі мен әкімдігінің актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

8. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңды мекенжайы: 070004, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Головкин көшесі, 38/40.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: облыстың агроөнеркәсіп кешені салаларының экономикалық өсуіне және сапалы жаңа деңгейге жетуіне ықпал ету мақсатында мемлекеттің аграрлық саясатын іске асыру, облыстың азық-түлік нарығын қол жетімді, қауіпсіз және сапалы тамақ өнімдерімен молықтыруға ықпал ету.

14. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) аграрлық саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру және осының негізінде облыс аумағында агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың болашағы мен үрдісін а й қ ы н д а у ;

2) нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуына ықпал ету, облыста бірыңғай қаржылық-инвестициялық саясат жүргізу;

3) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге және тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарына өнімді сатуда және жабдықтауда нарықтық орта қ а л ы п т а с т ы р у ғ а ы қ п а л е т у ;

4) ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру, облыс және республика өңірлері бойынша нарықтық жағдаятты, ауыл шаруашылығы өнімдерін және оның қайта өңдеуден өткен өнімдерін экспортқа шығару мүмкіндіктерін зерделеу ;

5) тұқым шаруашылығы және астық өндіру, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, фитосанитариялық қауіпсіздік үшін жағдайлар жасау;

6) ғылыми-техникалық үдерістің негізгі бағыттарын, оларды іске асырудың жолдары мен әдістерін айқындау және енгізуге, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ғылым мен техника жетістіктерін насихаттауға көмектесу.

15. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына және осы саладағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін мемлекеттік қолдауды жүзеге а с ы р у ;

3) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асыру;

4) шығарылатын өнім түржинағы бойынша өңірлік көрмелер, жәрмеңкелер ұйымдастыру ;

5) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;

6) өңірдің агроөнеркәсіп кешені саласындағы инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу;

7) мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттерді, пестицидтерді, улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салуды, күтіп-ұстауды және реконструкциялауды қамтамасыз ету;

8) жоғары сыныпты асыл тұқымды малды сатып алуды, ұстауды және кең ауқымда өз төлі есебінен өсіру үшін мал басын молықтыратын төл өсіруді ұйымдастыру ;

9) отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер өткізген бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымдардың құнын арзандатуды қамтамасыз ету ;

10) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізбе мен тәртіпке сәйкес зиянды организмдерге қарсы күрес жөнінде іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз ету ;

11) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру кезіндегі комиссияның бір бөлігінің және қарыздарын сақтандыру кезіндегі сақтандыру сыйақыларының бір бөлігінің орнын толтыру;

12) агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру;

13) кепілдендірілген сатып алу бағасы және сатып алу бағасы белгіленетін, сатып алынатын ауылшаруашылық өнімі субсидияларының нормативін бекіту жөнінде ұсыныстар әзірлеу ;

14) қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау;

15) агроөнеркәсіптік кешен салаларына инвестициялар мен екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін тарту, бәсекеге қабілетті өндірістерді қалыптастыру және дамыту, оларды жаңғырту және сапа менеджментінің халықаралық жүйесіне көшіру үшін жағдай жасау, мамандандырылған мал шаруашылығы қожалықтарының өсуі үшін жағдай жасау бойынша іс-шаралар әзірлеу;

16) агроөнеркәсіптік кешеннің ақпараттық-маркетингтік жүйесінің жұмыс істеуі және дамуы үшін жағдай жасау;

17) ішкі және сыртқы азық-түлік нарықтарындағы ахуалды зерделеу және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің тиісті ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету ;

18) агроөнеркәсіптік кешеннің және ауылдық аумақтардың жай-күйі мен дамуы туралы ақпаратты агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға беру;

19) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдар қызметінің мониторингін жүзеге асыру;

20) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға аккредиттеу жүргізу;

21) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау;

22) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде өзінің интернет-ресурсына агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдар тізбесін орналастыру;

23) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

24) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

25) уәкілетті органның қарауына элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының элиталық тұқымдарды өндіру мен өткізу көлемі жөнінде ұсыныстар енгізу;

26) тұқым шаруашылығы субъектілеріне және тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертханаларға уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тиісті куәлік бере отырып, оларды аттестаттауды жүргізу;

27) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

28) облыс бойынша тұқымдар баланстарын жасау;

29) ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығы саласындағы қажетті ақпарат беру;

30) құзыреті шегінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің сақтық және ауыспалы тұқым қорларын қалыптастыруына жәрдемдесу;

31) бастапқы, элиталық тұқым шаруашылығын жүргізу және ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын жаппай көбейту схемалары мен әдістері бойынша ұсыныстар енгізу;

32) сұрыптық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру, сұрыптық егістіктерді байқаудан өткізуді, жерге егіп бағалауды, зертханалық сұрыптық сынақтарды, тұқым сапасына сараптама жүргізу тәртібінің орындалуын бақылау;

33) мемлекеттік тұқым ресурстарының саны-сапасы жағынан жай-күйін бақылауды жүзеге асыру;

34) заңға сәйкес айқындалатын квоталар шегінде субсидиялауға жататын тұқымдарды өткізудің шекті бағасын белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

35) субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша жыл сайынғы квоталарды :

тұқым шаруашылығы саласында аттестатталған әрбір субъект үшін – бірегей
т ұ қ ы м д а р б о й ы н ш а ;

әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік үшін элиталық тұқымдар бойынша айқындау
ж ө н і н д е ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е у ;

36) субсидияланған бірегей және элиталық тұқымдардың мақсатты
п а й д а л а н ы л у ы н б а қ ы л а у ;

37) байқаудан өткізушілер мен тұқым сарапшылары кадрларын даярлауды
және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

38) ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сұрыптық және егістік
сапасына сараптама жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің
сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

39) тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектордың ұсынысы
н е г і з і н д е :

субъектінің тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыруға
құқығын куәландыратын аттестаттау туралы куәлігінің қолданысын;

тұқымдардың сұрыптық және егістік сапаларына сараптама жүргізу жөніндегі
қызметті тоқтата тұру жөнінде шаралар қабылдайды;

40) астық нарығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

41) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер
көрсету жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру;

42) табиғи-климаттық жағдайларды және нарық конъюнктурасын ескере
отырып, астық өндірісі құрылымын оңтайландыру, астық өндірудің, сақтаудың
және өткізудің жаңа озық технологияларын жетілдіру және енгізу бойынша
ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ;

43) бюджеттік бағдарламаларға сәйкес отандық ауыл шаруашылығы тауарын
өндірушілерге минералдық тыңайтқыштардың, тұқым улағыштар мен
гербицидтердің құнын арзандатуды жүзеге асыру;

44) ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттіліктерін уақтылы қамтамасыз ету
жөнінде қажетті шаралар қабылдау;

45) өңірлерде техникалық реттеу саласында сәйкестікті растау бойынша
қызметтер көрсету жөнінде бәсекелестік ортаны құру бойынша шаралар
қ а б ы л д а у ;

46) астық қабылдау кәсіпорындарын: бекітілген графиктерге сәйкес жаңа
егіннің астығын қабылдауға дайындығы тұрғысынан астық қабылдау
кәсіпорындарын жыл сайынғы тексеруді; астық қабылдау кәсіпорындарын
зерттеп-тексеру актілерін ресімдеуді қамтитын бақылау;

47) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы
заңнамасында көзделген тәртіппен астық қолхаттарын беру арқылы қойма
қызметі бойынша қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына

лицензияның қолданылуын тұтастай немесе жекелеген операцияларды жүзеге асыру бөлігінде алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру;

48) облыстың дәнді дақылдар егуге арналған екі жүз елу гектар және одан да көп егіс алаңы бар отандық астық өндірушілердің мемлекеттік астық ресурстарына азық-түліктік астық жеткізу мөлшерін жалпы түсімге проценттік қатынаспен бекіту жөнінде ұсыныстар енгізу;

49) дәнді дақылдар егуге арналған екі жүз елу гектар және одан да көп егіс алаңы бар отандық астық өндірушілердің мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру жөніндегі міндетін орындауын бақылау;

50) мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстарын қалыптастыру көлемін бекіту үшін астық мұқтажын бәсекелестік секторы қамтамасыз етпеген өтінімдерді уәкілетті органға ұсыну;

51) тендерлік негізде:

ішкі нарықты реттеу мақсатында мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстарының астығын оларға өткізу үшін астықты қайта өңдеу ұйымдарын;

мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстарының астығынан өндірілген ұнды оларға өткізу үшін нан пісіру ұйымдарын аяқындау;

52) астықты қайта өңдеу ұйымдары ішкі нарықты реттеу мақсатында сатып алатын мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстары астығының құнын оларға ішінара өтеу;

53) астықты қайта өңдеу ұйымдарының мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстары астығын нысаналы пайдалануын бақылау;

54) мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстары астығынан өндірілген ұнның және нан-тоқаш өнімдерінің шекті бағасын айқындау жөнінде ұсыныстар енгізу және астықты қайта өңдеу ұйымдарының, нан пісіру ұйымдарының және көтерме-бөлшек сауда ұйымдарының оны сақтауына бақылауды жүзеге асыру;

55) астық қабылдау кәсіпорындарының: астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу; астықты сақтау; астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және оларды өтеу қағидаларын сақтауын бақылау;

56) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының бұзылуы туралы нұсқамалар беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға материалдар әзірлеу;

57) облыс шегінде астық нарығының мониторингін жүзеге асыру;

58) астық қауіпсіздігі мен сапасын мемлекеттік бақылау;

59) "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 28-бабының 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде астық қабылдау кәсіпорнынан астықты көліктің кез келген түрімен тиіп жөнелтуге тыйым салу жөнінде шаралар қабылдау;

60) астық қолхаттары тізілімінің деректеріне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және астықтың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау тұрғысынан астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін инспекциялау (тексеру);

61) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы сотқа арыз беру;

62) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын бекіту;

63) астық нарығына қатысушылардың астығының нақты бар-жоғы мен сапасын және оның есепті деректерге сәйкестігін тексеру;

64) астықтың, оның ішінде мемлекеттік астық ресурстарының сандық-сапалық жай-күйін бақылау;

65) астық қолхаттарын ұстаушыларға астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатуралар ұсыну туралы хабарлама жіберу;

66) мемлекеттік астық ресурстарының көлемі, құрылымы, оларды қалыптастыру, сақтау, жаңарту, орнын ауыстыру және пайдалану қағидалары жөнінде ұсыныстар енгізу;

67) астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданысын тоқтата тұру және (немесе) одан айыру туралы ұсыныстарды облыстың жергілікті атқарушы органына енгізу;

68) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу;

69) қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

70) өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

71) арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салу, тиісті жағдайда күтіп-ұстау және қолдауды ұйымдастыру;

7 2) м ы н а л а р :

пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау);

пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу;

пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық

тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру;

73) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру ;

74) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімін жүргізу және басып шығару ;

75) ірі қара мал тұқымдары жөніндегі республикалық палаталардың және мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын ескере отырып, көрсетілген мақсаттарға көзделген бюджет қаражаты шегінде асыл тұқымдық өнімге (материалға) арналған субсидияларды бөлу ;

76) бекітілген нысандар бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы деректердің есебін жүргізу;

77) құндылығы жоғары асыл тұқымды малды тиімді пайдалануды ынталандыру мақсатында бағалау туралы деректерді қорыту және оның нәтижелері туралы мүдделі тұлғаларды хабардар ету;

78) асыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды субсидиялауды жүзеге асыру ;

79) облыс аумағында бал ара шаруашылығының дамуын және қорғалуын бақылау ;

80) Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасына сәйкес селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты үйлестіру және бал ара шаруашылығындағы асыл тұқымдық істерді мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру ;

81) бал ара шаруашылығы саласында мамандарды даярлау және қайта даярлау жөніндегі қызметті үйлестіру;

82) Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығы саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

83) агенттің, қоғамның қызметін, олардың Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асыру ;

84) сақтанушылардың міндетті сақтандыру шарттарын жасасудан жалтаруы туралы және қоғамның Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасының және "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтамауы туралы істерді қарауға материалдар әзірлеу ;

85) өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушыдан, сақтандырушыдан, агенттен және қоғамнан сұрату және алу ;

86) бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушының, сақтандырушының, агенттің және қоғамның ұсыну нысаны мен мерзімдерін әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу;

87) ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

88) өз құзыреті шегінде су пайдаланушылар кооперативтерінің Қазақстан Республикасының су заңдарын орындауын және су пайдаланушылар кооперативіндегі мүшелігіне қарамастан, олардың барлық тұтынушылардың суды бірдей пайдалануын қамтамасыз етуін бақылау;

89) жерді гидромелиорациялау жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

90) карантинді объектілердің таралуының есебін жүргізу және карантин саласындағы уәкілетті орган мен мүдделі тұлғаларға ақпарат беру;

91) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

92) мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау объектілерінде осы объектілердің иелері – жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуін ұйымдастыру;

93) уәкілетті органның ұсынуы бойынша тиісті аумақтарда карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу немесе оның күшін жою т у р а л ы ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ;

94) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді ж ү з е г е а с ы р у .

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) облыс әкімінің және әкімдігінің қарауына ауыл шаруашылығы өндірісін, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту, реформаларды тереңдету және агроөнеркәсіптік кешенді қаржылық сауықтыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

2) "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыруға қажетті ақпараттар мен құжаттарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұрау және алу;

3) "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі сондай-ақ өз қызметін жүзеге асыруға қажетті өзге де құқықтарды пайдаланады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және

оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады .

18. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Шығыс Қазақстан облысының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттіктері:

1) заңнамаға сәйкес "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады ;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін көтермелейді және тәртіптік жаза қолданады ;

3) "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің актілерін шығарады ;

4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді, өз құзыреті шегінде шарттар жасасады ;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру жөнінде қажетті шаралар қабылдайды және бұл үшін дербес жауапты болады ;

6) ерлер мен әйелдердің тәжірибесіне, қабілеттері мен кәсіптік даярлығына сәйкес олардың мемлекеттік қызметке тең қол жеткізуін қамтамасыз етеді ;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады .

"Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

21. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзінің орынбасарларының өкілеттіктерін белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында

оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.